

Мемлекеттік қызметкерлердің басты міндеті — Әдеп кодексіне ұстану

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметкердің менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз. Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік қызметшілердің ұстанымдары мен қоғамның мемлекеттік қызметшілермен қарым-қатынастың негізгі ережелері мен ережелерін қалыптастыруға және нығайтуға ұмтылу қажеттілігі айшықталған. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдепті сақтау жөніндегі негізгі талаптар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 8-тарауында белгіленген. Ал, әдептілік мінез-құлық қағидалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде бекітілген.

Осыған қоса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне түсіндірмелер Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының бюрократиясыздандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және этика секторының бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы 2022 жылғы ұлттық баяндамада мемлекеттік қызметшілердің имиджін арттыру саласында айқындалған ұзақ мерзімді міндеттерді іске асыруға ықпал ету мақсатымен әзірленді.

Түсініктемелердің мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын практикалық қол-

дану тұрғысында түсіндіру арқылы мемлекеттік қызметшілердің этикалық мәдениетін арттыруға және этикалық нормаларды сақтаудың тиімділігін жоғарлатуға бағытталған.

Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Осы ретте, әрбір мемлекеттік қызметші өз іс-әрекеті және мінез-құлқымен адалдықты жеке пайдадан жоғары қоюға міндетті. Халықтың тарапынан сынға ұшырамау үшін әрбір мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметтің әдеп қағидаларын қатаң сақтауы керек.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлқына үлкен мән беріледі. Сондықтан, мемлекеттік қызметте әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

**Асқат ДҮЙСЕНБАЕВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Қостанай
облысы бойынша департаменті
басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл**

Көңіл айтамыз

Жанкелдин ауданының тұрғыны, аяулы ана, ардақты әже, «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері **СЕЙДАХ-МЕТОВА Кәмпит Шалабайқызы** 97 жасқа қарағанда өмірден озды.

Кәмпит Шалабайқызы 1928 жылы 1 шілдеде Ақшығанақ ауылында дүниеге келген. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған абзал ана. Ұлы Отан соғысының ардагері Балтабай Сейдахметұлының жұбайы. Ағайын-туыс пен ауылдастарының қамқоршысы бола білген жан. 10 бала тәрбиелеп өсіріп, ел қатарына қосты. Аналық парызын орындады. 35 немере, 81 шөбере, 9 шөпшек сүйген ардақты әже. 130-ға жуық ұрпақ сүйген абал ана.

Кәмпит Шалабайқызының қайғысына ортақтасып, балаларына, отбасына, ағайын-туыстарына көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, қабірі нұрға толсын. Артында қалған ұрпағына ұзақ ғұмыр, берекелі өмір нәсіп қылсын.

Жанкелдин ауданы әкімдігі мен аудандық ардагерлер кеңесі және облыстық «Қостанай таңы» газеті редакциясы



Алғыс айтамыз

Жанкелдин ауданының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Балтабай Сейдахметұлының жұбайы аяулы ана, ардақты әже, «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері анамыз Сейдахметова Кәмпит Шалабайқызы 97 жасқа қарағанда өмірден озды.

Анамыз 1928 жылы 1 шілдеде Ақшығанақ ауылында дүниеге келген. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнады. Ағайын - туыс пен ауылдастарының қамқоршысы бола білді. 10 бала тәрбиелеп өсіріп, «Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды». Аналық парызын орындай жүріп, өкеміз дүнеден өткеннен кейін өкелік борышты қатар арқалады. Біз анамызға дән ризамыз. Аялы алақанына салып жеткізген балаларынан 35 немере, 81 шөбере, 9 шөпшек сүйді.

Сейдахметовтер отбасының қайғысына ортақтасып, қайғымызды бөліскен барлық ағайын - туыстарға, алыс жақыннан келген меймандарға, жерлестерімізге шексіз алғысымызды білдіреміз. Анамыздың жасамаған жасын көрмеген қызығын, баршаңызға нәсіп қылсын.

Сейдахметовтер отбасы

Хабарландыру!!!

«GreenTerra» ЖШС «Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданында, Байшуақ ауылдық округінде "GreenTerra" ЖШС ауыл шаруашылығы дақылдарын суару жүйесі» ЖОЖ-на қоршаған ортаға ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиыныстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 20.02.2025 ж., сағат 16.00-де Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Байшуақ ауылы, Садовая көшесі, 2 мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі. Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Zoom сілтемесі БЭК-те орналастырылған <https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0lSU9wZWZTDZCZz09>. Конференция: 387 530 9521. Кіру коды: uv3JD5.

Бастамашысы: «GreenTerra» БСН: 031240005858, ҚР, Қостанай обл, Беимбета Майлина а., Байшуақ а/о, Набережное а., Южная к., 56, тел. 87772596705.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкоРесурсы» ЖШС, БСН 160640018868, Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі 105, тел. 87026092272, ekoresurs_2016@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>, "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде. Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға болатын байланыстар және құжаттардың көшірмесімен танысады: ekoresurs_2016@mail.ru, 87026092272.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 72, «Қостанай облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8(7142)54-61-66, zh.remizova@kostanay.gov.kz

Объявление!!!

ТОО «GreenTerra» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по Отчету о возможном воздействии на окружающую среду к РП «Система орошения сельскохозяйственных культур ТОО "GreenTerra", в районе Беимбета Майлина, Костанайской области, сельский округ Байшуақ». Слушания состоятся на 20.02.2025г., в 16.00 часов по адресу: Костанайская область, район Беимбета Майлина, с. Байшуақ, ул Садовая 2.

Регистрация участников при предъявлении удостоверяющего личность. Также общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн, посредством видеоконференц-связи на платформе Zoom. Ссылка на Zoom размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/>. <https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0lSU9wZWZTDZCZz09>. Идентификатор: 387 530 9521. Код доступа: uv3JD5

Инициатор: ТОО «GreenTerra», БИН: 031240005858, РК, Костанайская область, район Беимбета Майлина, сельский округ Байшуақ, село Набережное, ул. Южная, здание 56, тел. 87772596705.

Разработчик проектной документации: ТОО «ЭкоРесурсы», БИН 160640018868, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 105, тел. 87026092272, ekoresurs_2016@mail.ru.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания». Контакты, по которым можно получить информацию и ознакомиться с копией документов: ekoresurs_2016@mail.ru, 87026092272.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 72, ГУ «Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области», тел.8(7142)54-61-66, zh.remizova@kostanay.gov.kz.

**ПИТК-не (ПКСК) аула сыпырушысы қажет.
Еңбекақы келісім бойынша. Тел: 8777-328-57-77.**

Заң мен тәртіп

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімінің қызметкерлері жедел іс-шаралар барысында Қостанай қаласының көшелерінің бірінде ер адам мен әйелді ұстады.

Тінту барысында 27 жастағы ер адамнан ақ ұнтақ салынған 8 пакет, ал оның бірге тұратын әйелінен жасыл түсті өсімдік заты бар байлам табылды. Сараптама тәркіленген ұнтақ синтетикалық есірткі мефедрон, ал өсімдік заты марихуана екені анықталды.

Ұсталғаннан кейін ер адам қала бойынша «есірткілерді» қалдырған жерлерді көрсетті. Қосымша тексерулер барысында полиция қызметкерлері тағы 12 есірткі байламдарын тәркіледі.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, ер адам заңсыз әрекеттермен өткен жылдың қараша айынан бастап айналыса бастаған. Жасырын жерлерге орналастыру үшін ол камералармен жабдықталмаған және артық назар аудармайтын орындарды таңдаған.

Қазіргі уақытта іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Полиция қызметкерлері әйелдің топ құрамындағы қылмыстық әрекетке қатысы бар-жоғын тексеруде.



Рудныйда өз пәтерінде қарасора өсірген ер адамды полиция қызметкерлері прокуратураның көмегімен қолға түсірді. Күдікті жасырын фитозертхана ұстап келген.

«Жедел іздестіру шаралары барысында тәртіп сақшылары балконда термоматериалмен қапталған жылыжайды тапты. Ішінде каннабис тектес өсімдік өсіретін үш құмыра, үш электр фитолампы, электрлі сорғыш және желдеткіші болды. Сонымен қатар ас үй бөлмесіндегі үстелде ZIP-пакеттерде каннабис тұқымы сақталған қорап табылды. Сараптама тәркіленген заттың салмағы 1,3 келіден асатын каннабис өсімдігі екенін растады», – деп хабарлайды облыстық ПД баспасөз қызметі.

Медициналық куәландыру күдіктіні ұстау кезінде каннабиоидты қолданудың белгілері анықталғанын көрсеткен. Құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіру фактісі бойынша Рудный тұрғынына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр. Кінәлілігі дәлелденген жағдайда, ол қылмыстық жазаға тартылады.



Редакцияның мекенжайы: 1 10000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Директор-Бас редактор қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-Бас редактордың орынбасары: 54-84-44

Шеф-редактор: 54-67-65

Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42

Жарнама бөлімі: 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88

МЕНШІК ТІЛШІЛЕР:

Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91

Аманкелдіде: 8 7081999827,

8-777-1 15-95-35

Беттеуші-дизайнер: Нұрсұлу Алмат.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.

А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.

«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, №17374-Г куәлігі берілді.

«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Офсеттік басылым. «Полиграфия Қостанай» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.

Нөмірдің кезекші редакторлары: Жандос ЖҮСІПБЕК, Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Тапсырыс: 2

Таралымы: 4601